



Ұқаштегі Ажар
дарынды балаларға арналған «Восток» мектеп-кешен
орталығының
9 сынып оқушысы

«Астана...
...Есілдегі астан осындай – біртума сәулеттік ландшафты,
бірегей мүсіндемелік рәміздері бар, жоғары технологиялы
болашаққа ұмтылған, бір-біріне деген өзара құрмет сезімі, ұлттық
қасиет және өз астанасы мен өз елі үшін мақтаныш сезімге тән
көп ұлтты, әрі көп конфессиялы халқы бар көркем де бейбіт
қала»
Н.Назарбаев

Біздің мемлекетіміздің бас қаласы – Астана. Бүгінде Астананың аты әлемге әйгілі. Бұл өңір – талай тарихи оқиғаларды бастан өткізген қасиетті өлке. Тарихшылардың айтуы бойынша, өткен ғасырларда осы күнгі Астана тұрған орын ғұндардың батыстағы бір ордасы болған.

Сарыарқаның төрінде шаңырағы көтерген сұлу қала Астана жылдан жылға көркейіп келеді. Адам жаңа бір үлкен іс бастаса, оны таза беттен бастағысы келеді. Сондықтан болар, егемен еліміздің жаңа тарихын Президентіміз жаңа астанадан бастады. Табиғаты қатал сары даланың төсінде жатқан Астананы, шөл даланың қақ ортасында құмды жарып шыққан қызғалдаққа теңеймін.

Нұрсұлтан Назарбаев тарихта Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып ғана қалмайды. Ол ең алдымен шежіресінде Қазақстанның бейбітшілігін, бірлігін сақтап қалған елінің сүйікті ұлы болып қалады. Қазақстанның бірлігін сақтап қалу үшін, еліміздің барлық аймақтарына бірдей жақын болатын, әр азаматтың жүрегінен табылатын жаңа астана керек болды. Еліміздің бейбіт өмірін сақтап қалу үшін, әлемнің алпауыт елдерімен тереземіз тең болып, қонақ жайлығымыз шексіз болуы тиіс еді. Тереземіз тең болу үшін, шексіз қонақжайлығымызды көрсету үшін, алдымен ұлылығымызды көрсететін сәулетті де, әсем жаңа астана керек болды. Бұл жағдайды алдымен түсініп білген Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы еді. Асқар таудай биік, сәулетті ғимараттардың арасынан көкке бойын

[Введите текст]

көтергенару шынардай Бәйтерек көрінеді. Ресей десек, ойымызға Кремль келеді, Франция десек, ойымызға Эйфелеф мұнарасы келеді. Ал Қазақстан десек, ойымызға «Бәйтерек» кешені келеді. «Бәйтерек» кешені әрбір қазақстандықтың отаншылдық сезімін, ынтымақ пен келісім сезімін білдіреді. Бұл сезім – біздің Отанымызға деген құрмет.

Астана мен Президент екі сөз бір-бірін толықтырып тұрғандай. Аспан мен жер, дала мен күй, әке мен бала секілді.

Астана Отанымыздың жүрегіне, бүкіл елдің игілігіне, біздің халықты біріктірген ұлттық идеямызға, оның өз күшіне деген сенімнің символына айналды. Мен Астана қаласын сүйемін, мақтан етемін. Оның әйгілі тарихын қастерлеп сақтайық!

Гүлдей бер, көркейе түс, Астанам - әсем қалам!